



аға

муының жүйесі» («Система ведения сельского хозяйства Западно-Казахстанской области») атты еңбегі жарық көрді.

Профессор К. Ф. Ахметов белсенді және жемісті еңбегі үшін екі рет «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен, екі рет Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құрмет грамоталарымен, БХШК ВДНХ медалімен, «Еңбектегі үздік табыстары үшін» («За отличные успехи в работе») белгісімен марапатталды. Ал Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 16 желтоқсандағы Жарлығы бойынша К. Ф. Ахметовке «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді. Ол – Жаңақала және Сырым аудандарының құрметті азаматы. Бұл айтылғандарға қоса, өмірінің соңғы жылдарында Ким Ғұсманұлы Батыс Қазақстан аумағындағы тұрғылықты қазақтардың шығу те-

“ Профессор
К. Ф. Ахметовтың
ғылыми-зерттеу
жұмыстарының нәтижелері
барысындағы тұжырымдары
мен арнайы тәжірибеден
өткізіп, әзірлеген кепілде-
мелері ауыл шаруашылығы
өнімдерін өндіруді
ұлғайтудың тиімді жаңа
әдіс-тәсілдері ретінде
өндіріске енгізілді. ”

гі хақында жазған шежірелік еңбектерінің өзі бір шоғыр.

Мақсат биігіне жол салып, сол жолда қажырлы еңбек еткен Ким Ғұсманұлының жеткен жетістіктері еліміздің жаңаруына, гүлденіп-өркендеуіне едәуір септігін тигізді.

Ғалымның жарқын бейнесі уни-

верситетіміздің тарихында өз орнын алып, жазып кеткен еңбектерінің білімді де саналы ұрпақ тәрбиелеуде үлесі зор болмақ.

Қазыбай БОЗЫМОВ,
ауыл шаруашылығы
ғылымдарының докторы,
профессор



Сергей ЖУКОВ,

профессор, ҚР инженерлік және жератылыстану академиясының академигі, Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының 1989-2000 жылдардағы ректоры:

– Ким Ғұсманұлының ұйымдастырушылық қарым-қабілеті ғылыми жұмыстар бойынша проректор болып қызмет істеген жылдарда жарқырай көрінді. Оның бастамасымен әрі тікелей басшылық жасауымен факультеттерде ғылыми зерттеулердің келешегі мен дамытудың жолдарын айқындайтын ғылыми-әдістемелік кеңестер құрылды. Елімізге қай-қай жағынан да ауыр болған XX ғасырдың тоқсаншы жылдары институт қаржылай материалдық тұрғыдан қиындық көрген кезеңде де ғылыми жұмыстар еш саябырсыған жоқ. Керісінше, институт оқытушыларын қолдау, ғылыми ізденістерге ынта-ықыласын арттыру мақсатында төрт шағын ғылыми-өндірістік кәсіпорын ұйымдасты-

рылды. Осы шағын кәсіпорындар профессорлық-оқытушылық құрамды, аспиранттар мен студенттерді қатыстыра отырып, ғылыми-техникалық жобаларды жасақтап, оларды өндіріске енгізді. Соның арқасында құрылыстар мен патенттер саны күрт артты, ал студенттер тәжірибелік қондырғыларды дайындауға, оны сынақтан өткізуге, өндіріске енгізуге кеңінен тартылды. Мұның бір кереметі, олар өздерінің жұмыстарының нәтижелерін өз көздерімен көрді, қуанды, жігерленді. Олардың дәні оқуларын тамамдағаннан кейін институттың кафедраларында қалды, аспиранттарға оқуға жіберілді, ғылыми жұмыстармен деңдеп айналысты. Былайша айтқанда болашақтарын ғылыммен тығыз байланыстырды. Ал кейін сол тынымсыз ізденетін, оқудан бас алмайтын талантты шәкірттерден қазіргі агроэкономикалық университеттің ғылым кандидаттары, ғылым докторлары, яғни ғалымдар шоғыры қалыптасты. Олардың қатарында Қ. Бозымов, Б. Трайсов, Г. Ғұмбаров, Е. Айталиев және басқалары бар.



Қадырбек САЙДЕНОВ,
Қазақтың ұлттық
университетінің профессоры,
академик, Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері:

– 1965 жылы Ким Ахметов облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының бірінші орынбасары болып Оралға келді. Ол қызмет өте үлкен, көп шаруашылық мәселелерді шешетін биік лауазым болды.

Ким Ғұсманұлы бұл орынға келгенше академияда білімін шыңдап, ұстаздық тәжірибесін іс жүзінде қолданып, қиындығы көп шаруашылық және аудан басқарудың қыр-сырын меңгеріп, халықпен күнделікті тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеудің бағыт-бағдарына әбден төселіп, біраз тәжірибе жинап келген болатын. Сондықтан да өзіне тән ұстамдылығы мен терең білімін орынды пайдалану қабілетімен облыс, республика деңгейінде ойлап, істі байыппен дұрыс шешетін үлкен ұйымдастырушылық қабілетімен облыс еңбеккерлеріне танылып, олардың сый-құрметіне бөленді.

Әрине, сол бағытта партия-кеңес қызметтер лауазымына жоғарылап кететін мүмкіндіктері мол болды. Ондай жақсы ұсыныстар кезінде аз болған жоқ. Бірақ ғылым мен білімге, ұстаздық қызметке құштарлығы басым болып, Ким Ғұсманұлы 1967 жылы Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтына алып келді. Ол кезде аталған институт әлі бұғанасы қатпаған, оқу-материалдық базасы әлсіз, жаңадан қаз-қаз тұрып келе жатқан оқу орны еді. К. Ахметов проректор болып облыс, республикада бәлгілі азамат ретінде институттың көркеюіне, қарадан жер алып, бұл жан-жақты дамыған университет қалыптасуына еңбегін сіңірді. Оның пайым-парасаты мен еңбекқорлығы, ізденпаздығы, адамға азамат-тегіне ретінде қарап қатынас жасайтындығы, жайсаң мінезі көптеген русани, адами, ғылыми табыстарға жеткізді.



Роберт ҚУРМАНГАЛИЕВ,

геология-минерология
ғылымдарының докторы,
профессор, академик

– Ауыл шаруашылығы эконо-
микасы, сондай-ақ менеджмент
және маркетинг саласы бойын-
ша білікті ғалым бола тұра, Ким
Ғұсманұлы Батыс Қазақстан хал-
қының (Кіші жүз) ата тегін, тари-
хын жан-жақты зерттеуге және
жүйелеуге айтулы үлес қосты.

Өмірінің соңғы он жылында ол (2000-2009 ж.ж.) Байұлы және Жетіру бірлестігінен тараған қазақтың 20-дан астам белгілі руының шежіресін қалыптастыру бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізді. Жүйелі түрде қаржыландыру болмаса да, зерттеу маңызын түсініп, қолдау білдірген бірнеше демеуші-лердің көмегімен ауқымды зерттеу жұмысын өзі қолшына алғанды. Кіші жүздің құрамындағы сан алуан тармағы бар рулық бірлестіктер басында тұрған адам мен оның бүтінге дейін өмір сүріп жатқан ұрпағының шежіресін саралап беру үшін терең білім, тынымсыз еңбек, зор қабілет қажет. Өзінің ата тегін білетін ақсақалдар қатары азайып, есесіне, СОКП ОК саяси бюросының мүшелері мен Қазақстан КП обкомының хатшыла-рын бас саусындай білетіндердің көп болуы, кейінгі толқын-ның тарихынан және өз ата-бабасының шежіресінен мүлдем бейхабар қалуы зерттеу жұмысын кеңірек жүргізуге елеулі ке-дергі екені анық. Соған қарамастан ғалымның басып шығарған шежіре-кітабына тек біздің өңір тұрғындарынан ғана емес, тіпті Ресейдің көршілес облыстарында тұратын қазақтар тара-пынан да көп сұраныс болды. Ата тегіне неміқұрайлы қарамай, оған ұдайы қызығушылық танытып жүретін адамдардың назарына белгілі ғалым тікелей Ким Ахметовтың ұйытқы болуымен шыққан шежіре-кітаптар тізімін ұсынып отырмыз:

1. «Сұлтанық шежіресі», Орал, 2000 жыл, 189 бет (бірлескен авторлық).
2. «Байұлы, Жетіру және Төре, Төлеңгіт, Ноғай қазақ шежі-релері», Орал, 2002 жыл, 292 бет (бірлескен авторлық).
3. «Жетіру шежіресі», (Тама, Табын және Кердері рулары) Орал, 2004 жыл, 132 бет.
4. «Кіші жүз Алаша руының шежіресі», Орал, 2006 жыл, 160 бет.
5. «Бәкейлік Төлеңгіттер», Орал, 2003 жыл, 63 бет (бірлескен авторлық).
6. «Кіші жүз Асқар (Байбақты, Танбақты, Тыңбақты) және Тана руларының шежіресі», Орал, 2008 жыл, 192 бет.
7. «Кіші жүз сегіз арыс Масқардың шежіресі», Орал, 2009 жыл, 308 бет.